

# Халық әртісі - халық жадында



Қазақ театры мен кино-  
тографиясының дамуына  
зор үлес қосқан дақты

жерлесіміз, ҚР Халық әртісі  
Ә. Боранбаевтың туғанына 70  
жыл толуына арналған еске

алу кеші Арқалықтағы өзінің  
атымен аталатын кинотеатрда  
өтті.



Облыстық «Дала өлкесі та-  
рихы» музей ұйымдастырған еске  
алу кешінде ерен тұлғаның көзін  
көрген елдің құрметті ақсақалда-  
ры К. Ақан, ұстазы - Е. Қожахме-  
тов, ҚР Мәдениет қайраткерлері Ж.  
Өмірбек, Б. Әбенов, Е. Жүсіпұлы,  
актердің інісі - Т. Боранбаев және  
замандасы Қ. Нұрмановтар естелік-  
терін айтты.

Атақты актер сахнадағы омы  
жылдық өмірінде алтыстан астам  
ірілі - ұсақты образ сомдаған.  
Қ. Мұқашев «Дала дастаны» - Іли-  
яс, М. Әуезов «Қарақоз» - Сырым,

«Айман-Шолпан» - Арыстан, «Қа-  
рақашық Қобыланды» - Біршім-  
бай, «Еңлік-Кебек» - Кембай, Ә.  
Нұрпейісов - «Қан мен тер» Ела-  
ман, Ш. Айтматов - «Ана-Жер-ана»  
- Майсалбек, «Ақ кеме» - Момын  
шай сияқты бірегей туындыларда  
кесек рөлдерді сомдады.

Әнуар Боранбаев тек театр-  
да ғана емес, кино әлемінде де  
өзіндік қолтаңбасын қалдырған.  
Жұрт оны белгілі жазушы Д.  
Исабековтің әңгімесінің желісі  
бойынша түсірілген «Гауһар-  
тас» фильміндегі Тастан бейнесі  
арқылы кеңірек таныды.

Ізгі шарада жиналғандар  
фильмнен үзінді көріп, актердің  
өмірінің әр кезеңдерінде біте қай-  
насқан дос - жарандары, үзегілес  
серіктері: Д. Жолжақсынов, Ә.  
Сығай, Қ. Тастанбеков, аға - жең-  
гесі С. Байзақов пен Т. Мұқам-  
бетжанова және жұбайы А. Ка-  
малқызының айтқан естеліктерін  
экран арқылы тыңдады.

«Торғай-ақпарат»